



МЫҢҒА ЖУЫҚ АЛМАТЫЛЫҚ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ 3-БЕТ



ДӘУІРДІҢ ДИОРАМАДАҒЫ ДЕМІ 6-БЕТ



№6
Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.



МЕГАПОЛИС



ЖЕТЕКШІ КРЕАТИВТІ ОРТАЛЫҚ

Экономика мен құрылыс қарқыны сараланды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен кеңейтілген ақпараттық кеңес өтті. Онда креативті экономиканы дамыту және қаладағы құрылыс жобаларының орындалу барысы талқыланды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе Алматы қаласының креативті экономикасын дамыту шараларына арналды. Бұл бағыт бойынша Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітова баяндама жасады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша, Алматыда креативті индустрия саласында 21,5 мың кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Саладан түскен салық түсімі 8,5% өсіп, 49,4 млрд. теңгеге жетті. Ал негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 4,5 есе артып, 65 млрд. теңге болды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша, креативті индустрияның жалпы қосылған құны 670 млрд. теңге немесе қаланың жалпы өңірлік өнімінің 2,1% болды. 2025 жылы бұл көрсеткіш 2,3% дейін өседі деп болжанып отыр.

Салық түсімі бойынша ақпараттық технология және гейм-девелопмент (26,4 млрд. теңге), сәулет саласы (6,2 млрд. теңге), сондай-ақ мәдени-демалыс ұйымдары (5,3 млрд. теңге) көш бастап тұр. 2026 жылғы 1 тамыздан бастап креативті индустрия бағыттарының тізбесі ЭҚЖЖ-нің 10 жаңа коды есебінен кеңейтілді. Олардың қатарында веб-порталдар, кітап шығару, кино көрсету және кинодистрибуция қызметтері бар.

Алматыда ақпараттық технология, сәулет, кино, сән индустриясы және халықтық қолөнер салаларын біріктіретін креативті хабтар желісі қалыптасып келеді. Олардың қатарында Markova 44, Kyzyl Tan, DEPO ALMATY, Music Almaty, Ololo Kazgasa және өзге де алаңдар бар. Сондай-ақ, креативті ин-

дустрия резиденттеріне салықтық жеңілдіктер беру және шетелдік киножобаларды тартуға арналған кинорибейт жүйесін дамыту мәселесі пысықталуда.

Қала әкімі креативті экономиканы дамыту жаңа жұмыс орындарын ашуға, инвестиция тартуға және Алматының еліміздегі жетекші креативті орталық ретіндегі мәртебесін нығайтуға ықпал етуге тиіс екенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе қала аудандарында жүзеге асырылып жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарының барысына арналды. Аудан әкімдері баяндама жасап, нысандардың қазіргі жай-күйі мен өзекті мәселелер туралы ақпарат берді.

Кеңес қорытындысы бойынша, Дархан Сатыбалды құрылыс жобаларының жүзеге асырылуын тұрақты бақылауда ұстауды, анықталған кемшіліктерді жедел жоюды және жұмыстардың белгіленген мерзімде аяқталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

МАҢЫЗДЫ САЯСИ ҮДЕРІС

Жастардың дауысы неге маңызды?



Сайлау – қоғамның даму бағытын айқындайтын маңызды саяси үдеріс. Оған қатысу арқылы азаматтар өз ұстанымын білдіріп қана қоймай, елдің болашағына қатысты шешімдердің қабылдануына әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, 23 тамызда өтетін Құрылтай сайлауы жастар үшін өз дауысын естіртіп, қоғамдық үдеріске араласудың маңызды алаңы саналады. Жастардың ең көп шоғырланған Алматы қаласы үшін бұл әлеуметтік топтың белсенді болуы өте маңызды. Себебі, алматылық жастардың саяси белсенділігі сайлау мәдениетінің нығаюына ықпал етеді.

Сайлау мәдениетін қалыптастырушы

Саясаттану ғылымында азаматтардың сайлауға қатысуы демократиялы қоғамның негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Америкалық саясаттанушылар Сидни Верба мен Норман Най саяси қатысуды азаматтардың мемлекеттік шешімдерге ықпал етуге бағытталған заңды әрекеттері деп сипаттайды. Демек, сайлау – осы қатысудың ең маңызды әрі заңды тетігі. Ал сайлау үдерісінде

жастардың алатын орны ерекше. Әсіресе, жастардың үлесі басым Қазақстанға осы әлеуметтік топтың қоғам өміріне белсенді араласуы маңызды болып саналады.

Жастардың саяси белсенділігі олардың тек бүгінгі емес, ертеңгі қоғамға деген жауапкершілігін көрсетеді. Өйткені, жастарды толғандыратын білім беру, жұмыспен қамту, тұрғын үйдің қолжетімділігі, кәсіпкерлікті қолдау, экология, цифрландыру және әлеуметтік саясат сияқты мәселелердің барлығы мемлекеттік шешімдер арқылы жүзеге асады. Сондықтан жастардың

сайлауға қатысуы өз болашағына ықпал етудің ең тиімді жолдарының бірі.

2025 жылғы ресми статистикаға сәйкес, Қазақстанда 14–35 жас аралығындағы жастардың саны 5,8 миллионнан асады. Бұл – ел халқының елеулі бөлігі. Әрі олардың ішінде дауыс беру құқығына ие азаматтары саны да едәуір мол. Мұндай көрсеткіш жастардың сайлау кезіндегі таңдауы саяси үдерістерге айтарлықтай ықпал ете алатынын көрсетеді. Сондықтан олардың әрбір дауысы тек жеке таңдау емес, қоғамның даму бағытын айқындайтын маңызды фактор.

Соған қарамастан, жастар арасында «бір дауыс ештеңені өзгертпейді» деген пікір әлі де кездеседі. Алайда, сайлау мәдениеті дұрыс қалыптасқан мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенсек, азаматтардың белсенділігі артқан сайын мемлекеттік институттардың қоғам алдындағы жауапкершілігі де күшейе түседі. Сондықтан жастар сайлау мәдениетін қалыптастырушылар болып саналады.

Азаматтық ұстанымның көрінісі

Алматы – Қазақстанның ғылыми, мәдени және білім беру орталығы ғана емес, жастар ең көп шоғырланған мегаполис. 2025 жылғы деректер бойынша қалада 700 мыңнан астам жас тұрады. Сонымен қатар, Алматыда еліміздің жетекші жоғары оқу орындары орналасқан. Сондықтан мұнда еліміздің түкпір-түкпірінен келген студенттер білім алады. Бұл қаланы жастардың идеялары мен бастамалары тоғысатын ерекше ортаға айналдырады.

Саяси әлеуметтену теориясы бойынша азаматтың қоғамдық белсенділігі ең алдымен білім беру ортасында, әлеуметтік қарым-қатынаста және қоғамдық тәжірибе арқылы қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, Алматы жастарының қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі ерекше. Олар еріктілік қозғалыстарында, экологиялық бастамаларда, әлеуметтік жобаларда және жастар ұйымдарының жұмысына белсенді қатысып келеді. Ендігі міндет, осы қоғамдық белсенділікті сайлау мәдениетімен ұштастыру.

Бүгінде жастардың басым бөлігі қоғамдық пікірін әлеуметтік желілерде білдіреді. Алайда, цифрлық кеңістіктегі белсенділік нақты саяси қатысудың орнын баса алмайды. Пікір жазу немесе талқылауға қатысу маңызды болғанымен, сайлауға қатысып, өз таңдауын жасау азаматтық ұстанымның айқын көрінісі болып есептеледі.

Құрылтай сайлауы – белгілі бір партияны немесе оның өкілін таңдаумен ғана шектелетін саяси науқан емес. Бұл азаматтардың мемлекет пен қоғам арасындағы өзара жауапкершілікті нығайтатын маңызды демократиялы үдеріс. Сайлауға қатысу арқылы жастар өздерінің қоғамдағы орны мен жауапкершілігін сезінеді. Ал мемлекет жастардың сұранысы мен мүддесін ескеруге мүмкіндік алады.

Әсіресе, Алматы сияқты жастардың үлесі жоғары қалада әрбір дауыс маңызды. Себебі, мұнда қалыптасқан қоғамдық пікір мен азаматтық белсенділік республикалық деңгейдегі саяси мәдениетке де ықпал етеді. Сондықтан жастардың сайлауға қатысуы тек құқықты пайдалану ғана емес, елдің болашағын қалыптастыруға қосылған нақты үлес.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
Коллаж: ЖИ.

ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

Жыл басынан бері 25 мыңға жуық алматылық мемлекеттік қызметтерді жеке менеджер арқылы алуды таңдаған. «Жеке менеджер» қызметі барлық ХҚКО-да, оның ішінде мамандандырылған орталықтарда көрсетіледі.

Қызметті пайдалану үшін тіркеу орнына жүгініп, келісімшарт жасау қажет. Осыдан кейін маман құжаттарды рәсімдеудің барлық кезеңінде қызмет алушыға жеке көмек көрсетеді. Қызмет құны халыққа қызмет көрсету орталықтарында – 5697 теңге, ал мамандандырылған ХҚКО-ларда – 6306 теңге.

ХҚКО-ға түрлі себеппен келе алмайтын азаматтар үшін жеке менеджердің көшпелі қызмет көрсету форматы қарастырылған. Маман алдын ала берілген өтінім негізінде келісілген уақыт пен мекенжайға барады. Көшпелі қызмет көрсету құны – 7447 теңге. Бұл сомаға ұйымдастыру және логистикалық шығындар кіреді.

Айта кетейік, көшпелі формат ХҚКО-ның мемлекеттік қызметтері бойынша ұсынылады. Алайда, паспортты, жеке куәлікті, жүргізуші куәлігін рәсімдеу және көлік құралдарын қайта тіркеу қызметтері бұл форматта көрсетілмейді.

Аталған қызмет, әсіресе, кішкентай баласы бар ата-аналар, жұмыс кестесі

тығыз азаматтар және кәсіпкерлер арасында сұранысқа ие.

Жеке менеджердің көшпелі қызметіне өтінім беру үшін Мемлекеттік корпорацияның ресми сайтындағы «Қызметтер» бөліміне өтіп, «Жеке менеджердің үйіне бару» бөлімін таңдау қажет. Одан кейін «Өтінім қалдыру» батырмасын басып, қажетті мәліметтерді толтыру керек. Өтінім жіберілген соң көрсетілген телефон нөміріне растау коды бар SMS-хабарлама жолданады. Бір жұмыс күні ішінде оператор өтініш берушімен байланысып, қызмет көрсету уақыты мен өзге де мәліметтерді нақтылайды. Сонымен қатар, 1414 бірыңғай байланыс орталығы арқылы кеңес алып, өтінім қалдыруға болады. Кеңес берілгеннен кейін өтініш берушіге жеке менеджерді үйге шақыру үшін арнайы сілтеме SMS арқылы жіберіледі.

«Мемлекеттік корпорация азаматтардың қажеттіліктерін ескеретін және мемлекетпен өзара байланысты жеңілдететін қызметтерді кезең-кезеңімен енгізуді жалғастырады», – деп атап өтті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қалалық филиалының өкілдері.

Нұржамал ӘЛІШ.

«ЖЕКЕ МЕНЕДЖЕР» жұмысыңызды жылдам шешеді





ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

МЫҢҒА ЖУЫҚ АЛМАТЫЛЫҚ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Алматыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықтың өмір сүру сапасын арттыру және азаматтарды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын іске асыру жалғасуда. 1 тамыз күні Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қала тұрғындарына жаңа пәтерлердің кілтін табыстаудың екінші кезеңіне қатысты.

Өткен айда алғашқы кезең аясында 885 отбасы жаңа баспананың кілтіне ие болды. Екінші кезеңде жалпы саны 1832 пәтер табысталады. Оның ішінде «Кенесары» тұрғын үй кешенінде 946 отбасыға жаңа пәтердің кілті берілді. Алғашқы екі кезеңнің қорытындысы бойынша, 2700 алматылық отбасының тұрғын үй жағдайы жақсарады. Үшінші кезеңде тағы 640 пәтер табысталаып, одан кейін бағдарлама төртінші және бесінші кезеңдер аясында жалғасады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, халықтың әл-ауқатын жақсарту және әлеуметтік әділеттілікті

қамтамасыз етуге бағытталған тапсырмаларын орындау аясында қаламызда тұрғын үй мәселесін шешуге ерекше көңіл бөлінуде», – деді шаһар басшысы.

Тұрғын үйді бөлу барысында жетім балаларға, мүгедектігі бар азаматтарға, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған мұқтаж отбасыларға басымдық беріледі. Екінші кезең аяқталғаннан кейін осы санаттағы азаматтардың тұрғын үй кезегі айтарлықтай ілгерілейді. Сонымен қатар, еңбек ететін қала тұрғындары үшін жеңілдетілген ипотекалық несие бағдарламалары жұмысын жалғастыруда. Биыл «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша 5 мыңнан астам

өтінім қабылданды. Жыл соңына дейін 1650 жас алматылық жеңілдетілген тұрғын үй несиеcін алу мүмкіндігіне ие болады.

– Біз үшін жаңа тұрғын үй кешендерін салу баспана тұрғызумен ғана шектелмейді. Ең бастысы, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қажетті жағдай жасау. Сондықтан «Кенесары» тұрғын үй кешенінің жанынан 1200 орынды заманауи мектеп салынды, – деді Дархан Сатыбалды.

Жаңа пәтердің кілтін алған Александра Хакимқызы биыл 90 жасқа толды. Өзі қиын да қилы кезеңді өз көзімен көрген тыл ардагері. Айтуынша, үй кезегінде тұрғанына 12 жыл болыпты.

– Қуанышты хабарды естіген соң, 2 күн бойы ұйықтамадым. Балам-келінім, немере-шөбере бір үйде тұрамыз. Бір балам үйсіз көшіп-қонып жүреді. Енді бірге тұратын боламыз, – дейді.

Ал қала тұрғыны Жадыра Қойшиева әлеуметтік қызметкер, үй кезегінде тұрғанына 10 жыл болған.

– Маған алдымен 1414-тен хабарла-

ма келді. Әрине, сене қоймадым. Артынша әкімдіктен хабарласқанда ғана есім шыға қуандым. Әсіресе, қарт анам ерекше қуанып жатыр, – дейді ол.

Салтанатты сәттен соң, қала басшысы №225 жаңа мектепке бас сұғып, атқарылған жұмыстармен танысты. Пайдалануға беріліп отырған жаңа нысан тұрғын үй кешені мен оған жақын орналасқан аумақтардағы балалардың сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Бұл тұрғындар үшін мектеп орындарының қолжетімділігін арттырып қана қоймай, балалардың алыс аудандарға қатынау қажеттілігін азайтады.

Сонымен, Алматы тұрғындарын сапалы әрі қолжетімді баспанамен қамту әлі де қала дамуының басым бағыттарының бірі болып қала береді. Дәл қазір құрылысы қарқын алған Алматыда Тұрғын үй бағдарламасы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес кезең-кезеңімен іске асырылып жатыр.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Галстуксыз кездесу

Бостандық ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков бұқаралық ақпарат құралдары мен қалалық медиа қауымдастық өкілдерімен «галстуксыз», нетворкинг және Q&A форматында кездесу өткізді.

Ресми емес, еркін атмосферада көрініс тапқан ашық meet-up барысында мегаполистегі ең ірі аудандардың бірі – Бостандық ауданын дамытудың негізгі бағыттары, басым міндеттер және қоғамдық кеңістіктерді одан әрі абаттандыру жоспары талқыланды.

Азамат Қалдыбеков аулалар, саябақтар, гүлзарлар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, тұрғын үй қорын жаңғырту, жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын дамыту, көгалдандыру және тұрғындар үшін жайлы қалалық орта қалыптастыруға бағытталған тың жобалар туралы баяндады.

Сонымен қатар, халықтың өмір сүру сапасын арттыру, заманауи қалалық инфрақұрылымды дамыту, қауіпсіз әрі қолайлы қоғамдық кеңістіктерді құруға бағытталған жобаларды іске асыру мәселелеріне, оның ішінде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан бастамаларға ерекше назар аударылды.

Ашық әрі сындарлы жағдайда өткен кездесу барысында медиа өкілдері өздерін қызықтырған, толғандырған сұрақтарын қойып, пікір алмасып, аудан әкімдігі жұмысының өзекті бағыттары бойынша жан-жақты жауаптар алды.

«Біз алдағы уақытта да ашықтық қағидаттарын ұстана отырып, ауданның орнықты дамуына бағытталған жобалардың іске асырылуы мен қабылданып жатқан шешімдер туралы тұрғындар мен бұқаралық ақпарат құралдарын тұрақты түрде хабардар етіп отыратын боламыз», – деді Бостандық ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков.

Нұржамал ӘЛІШ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Панфилов көшесімен серуендеңіз!

Алматыда тұрғындардың бастамасымен Панфилов көшесінің Жібек жолы даңғылынан Райымбек даңғылына дейінгі бөлігі жаңартылып жатыр. Алмалы ауданы әкімдігі өкілдерінің мәліметінше, жоба быылғы мамыр айынан бері «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асуда.


Аумағы 1,7 гектар болатын бұл аумақ қаланың тарихи орталығындағы жүргіншілер бағытының жалғасына айналып, Алматы-2 теміржол вокзалына дейінгі жолды тұрғындар мен қала қонақтары үшін барынша жайлы етеді.

Жоба аясында көгалдандыру жұмыстарына ерекше басымдық берілген. 1 гектар аумақта қолданыстағы ағаштар сақталып, 10 мың шаршы метр көгал төселеді. Сондай-ақ, жол жиегіне 18 мың көпжылдық бұта отырғызылады. Жасыл желектерді күтіп-баптау үшін автоматты және тамшылатып суару жүйелері орнатылады. Сонымен қатар, 0,7 гектар аумақта жүргінші инфрақұрылымы жаңартылады. Мұнда 6325 шаршы метр кеспетас, 750 шаршы метр асфальт жабыны төселіп, 20 қоқыс жәшігі мен 106 жаңа жарықтандыру бағаны орнатылады.

Алмалы ауданы әкімдігі өкілдерінің мәліметінше, жүргізіліп жатқан көркейту жұмыстары Панфилов көшесінің төменгі бөлігін бұрынғыдан да жарық, қауіпсіз әрі жүргіншілер үшін қолайлы қоғамдық кеңістікке айналдыруға мүмкіндік береді.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ





КӘСІПКЕРЛІК ПЕН ИНВЕСТИЦИЯ өндірісті дамытудың жаңа моделі

Бүгінде мегаполис кәсіпкерлік пен инвестиция шоғырланған еліміздің басты экономикалық хабына айналды. Бизнеске қолайлы орта, қаржы институттарының, адами капитал мен көлік-логистикалық әлеуеттің шоғырлануы Алматының ұлттық экономикадағы рөлін жылдан-жылға күшейтіп келеді.

Бизнестің бас қаласы

Қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметінше, 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қалада 362 345 белсенді шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Қалада тіркелген кәсіпкерлер саны ғана емес, олардың нақты жұмыс істеп, өнім өндіруі мен қызмет көрсетуі де экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр.

2025 жылдың қорытындысында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнім көлемі 306,2 млрд. теңге болып, өткен жылмен салыстырғанда, 3,1% өсті. Бұл өсім жалпы экономикалық белсенділіктің сақталғанын және бизнестің даму қарқыны бәсеңдемегенін аңғартады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы әртараптан-дыру және шикізаттық емес салаларды дамыту үшін жаңа инвестициялық циклді іске қосудың маңызын бірнеше рет атап өтті. Бұл саясаттың нәтижесі өңірлердегі инвестициялық белсенділіктен көріне бастады.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 9 трлн. 512,1 млрд. теңгеге жетіп, балтырмен салыстырғанда, 9,6% өсті. Алматы бұл көрсеткіште де көшбасшылар қатарында қалды. Қалаға тартылған негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1 трлн. 21 млрд. 497,67 млн. теңге болып, 4,6% артты. Жалпы республикалық инвестициялар көлеміндегі Алматының үлесі – 10,7%.



– Қазақстан бизнесті жүргізу жеңілдігі (Doing Business) бойынша әлемдік рейтингте жаман көрсеткіш емес екенін білдіреді. Бірақ әлеуметтік жағдай, көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлық факторлары ескерілмеген және статистикалық мәліметтер негізге алынған. Сондай-ақ, аталған рейтинг бизнестің дамуындағы мемлекеттің жетістіктерін назарға алмайды. Мәселен, бес жыл ішінде елімізде ашылған жеке кәсіпорындардың 18%-ы ғана нарықта қалады екен. Басқалары қиындықтарға төтеп бере алмай жабылып тынады. Ал әлемде бұл көрсеткіш – 50%. Бұл экономикалық саясатта көп дүниенің дұрыс емес екенін білдіреді. Бизнестің табыстылығының тағы бір көрсеткіші – өнім өндіруші компаниялардың экспортқа шығуы. Алайда, бізде халықаралық саудаға шығуда қиындық көп. Сондықтан еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту басты міндеттердің біріне айналды, – дейді экономист Мақсат Халық. Оның айтуынша, инвестициялардың едәуір бөлігін жергілікті бюджет қаражатының құрауы да маңызды фактор, өйткені бұл өндірістік инфрақұрылымды дамытуға серпін берді.

Өнеркәсіпке бағытталған капитал

Қаладағы инвестициялардың 41,4%-ы өнеркәсіп саласына тиесілі. Бұл – мегаполистің сауда мен қызмет көрсету орталығы атануымен қатар, өндірістік әлеуеті де жоғары қала екенін көр-

сетеді. Жылжымайтын мүлік операциялары, көлік және қойма-лау, ақпарат және байланыс секторлары да инвестиция тартуда белсенділік танытып отыр. Әсіресе, «Ақпарат және байланыс» саласына салынған инвестициялар 143,8 млрд. теңгеге жетті.

Өңдеу өнеркәсібінде де айтарлықтай өсім байқалады. Қаңтар–маусым айларының қорытындысы бойынша бұл салаға 22,8 млрд. теңге инвестиция тартылған. Металлургия, фармацевтика, киім өндірісі, компьютерлік және электр жабдықтарын шығару, сондай-ақ энергетика салаларында инвестиция көлемі бірнеше есе ұлғайған.

Алматы Қазақстандағы ең ірі тұтыну нарығы болып қала береді. Қала республикадағы жалпы сауда көлемінің 34%-ын қамтамасыз етеді. 2026 жылдың алғашқы алты айында мегаполистің сауда айналымы 12,3 трлн. теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 5,3% артты. Ал сауда саласының өсімі көлік-логистикалық инфрақұрылымның дамуы, электронды коммерцияның кеңеюі және халық табысының біртіндеп артуымен тікелей байланысты.

Пәрменді демеу

Биыл кәсіпкерлерді субсидиялау мен жеңілдетілген несие-леуге жергілікті бюджеттен 26 миллиард теңге бөлінген. Ал жылдың алғашқы үш айында жалпы сомасы 46 миллиард теңгеге 304 жоба қаржыландырылды. Бұл қаражат кәсіпорындарды кеңейтуге, жаңа өндіріс орындарын іске қосуға және технологиялық жаңғыртуға бағытталуда. Егер бұрын кәсіпкерлер өндірістік цехтарды өз қаражаты есебінен бірнеше жыл бойы салып, инфрақұрылым мәселесін өздері шешуге мәжбүр болса, бүгінде жағдай өзгерген.

Қазіргі уақытта Алматыда жалпы құны 53 миллиард теңгеден асатын 70 шағын өнеркәсіптік парк жобасы жүзеге асырылып жатыр. Бұл жобалардың нәтижесінде 430 мың шаршы метрден астам өндірістік алаң пайдалануға беріліп, 7 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Шағын өнеркәсіптік парктердің форматы да түбегейлі өзгеріп келеді. Бүгінде олар тек өндірістік цехтар орналасқан аумақ емес, кәсіпкерлерге арналған толыққанды өндірістік кластерге айналып отыр. Мұнда кеңселер, көрме залдары, сервистік және логистикалық аймақтар қарастырылған. Мұндай кешендер машина жасау, тамақ өнеркәсібі, жиһаз өндірісі, химия және құрылыс индустриясы кәсіпорындарының бір жерде шоғырланып, өзара тиімді байланыс орнатуына жағдай жасайды.

Аталған өзгерістердің нақты нәтижесін кәсіпкерлердің өздері де сезініп отыр. Солардың бірі – өндіріс саласында жұмыс істейтін кәсіпкер Аслан Мұқышбай.

– Almaty Finance арқылы 7%-дық жеңілдетілген несие алып келеміз. Бұл – біз ашып отырған үшінші өндірістік базамыз. Жобаға жалпы 475 миллион теңгедей қаржы салынды. Оның 270 миллион теңгесін Almaty Finance арқылы несиеге алдық. Қазір мұнда үш өндіріс орны жұмыс істеп тұр. Атап айтқанда, А4 форматындағы қағаз өндіріледі, сондай-ақ картон мен стикерлер шығарылады, – дейді кәсіпкер. Айтуынша, дайын өндірістік инфрақұрылым мен қолжетімді қаржыландыру өндірісті жылдам іске қосуға және нарыққа жаңа өнім шығаруға мүмкіндік берген.

Қала билігінің бизнесті қолдау саясаты, өндірістік инфрақұрылымды жаңғыртуы және инвестициялық жобаларды жүйелі түрде іске асыруы Алматының экономикалық әлеуетін одан әрі арттырып, оны Орталық Азиядағы ең ықпалды кәсіпкерлік және инвестициялық орталықтардың біріне айналдыруға негіз болмақ.

Дана САДЫРҚАН.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Қолдаудың маңызды тетігі

Биылғы бірінші жартыжылдықта мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 94 мыңнан астам алматылық әлеуметтік төлем алды. Тұрғындарды қолдауға жалпы 48,5 млрд. теңге бағытталған. Оның көбі жүктілік пен босануға, бала күтіміне арналған төлем.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің басшысы Мұрат Мұратбеков пен «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Алматы қалалық бөлімшесі директорының орынбасары Балғын Сатбекқызы осылай деп мәлімдеді.

Жүктілік пен босануға байланысты әлеуметтік төлемді 9586 жұмыс істейтін әйел алып, оларға жалпы 12,1 млрд. теңге төленген. Тағы 46 283 адам баланың бір жарым жасқа толғанға дейінгі күтіміне әлеуметтік төлем алды. Бұған 21,8 млрд. теңге жұмсалған. Бұдан бөлек, еңбекке қабілеттілігінен, асыраушысы мен жұмысынан айырылғандарға да әлеуметтік төлем тағайындалды.

Балғын Сатбекқызының айтуынша, биыл ең жоғары өсім жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлемдер бойынша тіркелген. Егер өткен жылдың бірінші жартыжылдығында мұндай төлемді 17 707 адам алып, оған 5,9 млрд. теңге жұмсалса, биыл олардың саны 25 510 адамға жетіп төлем көлемі 9,5 млрд. теңгеге жеткен. Өсім – 59%.

Сондай-ақ, асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушы саны да артты. Биылғы алғашқы алты айда мұндай қолдауды 5223 отбасы алып, жалпы 2,1 млрд. теңге төленді. Өткен жылы бұл көрсеткіш 1,7 млрд. теңге болатын. Осылайша төлем көлемі 24% өсті.

Еңбекке қабілеттілігінен айырылған азаматтарға да қолдау көрсетіліп жатыр. Алты ай ішінде бұл төлемді 7413 адам алып, жалпы 2,9 млрд. теңге төленді. Өткен жылмен салыстырғанда, алушылар саны аздап төмендегенімен, төлемнің жалпы көлемі шамамен, 8% артқан көрінеді.

Мұрат Мұратбековтің айтуынша, биылғы бірінші жартыжылдықта алматылықтарға бала туу мен бала күтіміне байланысты 16 107 жәрдемақы, 95 10 мемлекеттік базалық зейнетақы, жасына байланысты 8661 зейнетақы төлемі, жерлеуге арналған 4857 біржолғы төлем, мүгедектікке байланысты 1945 жәрдемақы мен көпбалалыларға 1926 жәрдемақы тағайындалған. Әлеуметтік саланы дамытудың негізгі бағытының бірі – цифрландыру.

«Қазір зейнетақы мен әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік қызметтің шамамен, 40%-ын мемлекеттік органдар жүгінбей-ақ алуға болады. Биылғы бірінші жартыжылдықта көрсетілген 49 021 қызметтің 19 337-сі проактивті форматта немесе мемлекеттік органдарға бармай-ақ және құжат жинамай-ақ тағайындалды», – деп атап өтті спикер.

Мұрат Мұратбеков әлеуметтік төлемді атаулылық қағидаты мен заңдылық негізінде тағайындау мәселесіне де тоқталды. Цифрландыру мен бақылауды күшейту аясында департамент 7 мыңнан астам зейнетақы ісін тексерді. Соның нәтижесінде 82 жағдайда жалған құжатты пайдалану фактісі анықталып, артық төленген қаражат көлемі 108 млн. теңге болды. Қазіргі уақытта оның 70 млн. теңгесі бюджетке қайтарылды.

Нұржамал ӘЛІШ.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

САНАНЫҢ САНСЫРАУЫ

Келте контент кесірі қалай тиіп жатыр?

Ақпарат қоғамы. Адамзат бұрын-соңды болмаған ақпари ағынның иіріміне түсіп, диджитал дәуірде өмір сүріп жатыр. Смартфон экранындағы секунд сайын ауысатын келте видеолар, шолақ шолулар, ұзақтығы бірнеше сөйлем ғана болатын жаңалықтар мен толассыз контенттер тасқыны дүниетанымымызға сына қақты, ойлау жүйемізді түбегейлі өзгертті. Когнитивистика саласына маманданған психологтар мен нейробиологтар бұл құбылысты «клиптік ойлау» (clip thinking) және «сананың сансырауы» (attentional fragmentation) деп атап жүр.

Мұндайда технология өнерпаздарының инновациясына тоқтау қоя алмасымыз анық. Жазушылардың өзі әңгімесін жұмырлап, романын шақтап жазатын болды. Кітапхананың іші-тысын, кітаптар әлемін 5-6 бетке азық етіп жазатын Фредерик Стендаль дәстүрі көнерді.

Бұрын адамзат ақпаратты сызықтық модель бойынша тұтынатын. Кітапты ба-сынан аяғына дейін оқитын, ұзақ лекцияны құлақ қойып тыңдайтын, сараптау-талдау мақаласын сабырға талып түйсінетін. Ал бүгінгі диджитал кеңістіктегі ақпарат алу әдебі – сегментті (үзік-үзік). Желі торабын сүзе қалсаңыз, «бір үзік сыр аңдату-дан» аспайтын контенттерге кез боласыз. Оның өзі ұйық секілді. Сізді үйіріп әкетеді.

Мәселенің мәні

Жақында Microsoft корпорациясының тұтынушылар зейініне қатысты зерттеуі жарияланды. Сарапшылар диджитал дәуірде жасап жатқан тұтынушылардың ден қоюға қатысты дерегін бөліскен. Бір нысанға назар аударып, нақты ден қою уақыты, орташа есеппен алғанда, 12 секундтан 8 секунд шамасына дейін қысқарған. Ғалымдар мұны зейіннің физиологиялық тұрғыда жұтаңдануы емес, өңделетін ақпарат көлемінің артуына байланысты тапқан айласы, яғни мидың қорғаныс реакциясы деп санайды.

Мидың ақпаратты өңдеу жүктемесі туралы Лондон университетіне қарасты колледж профессоры Нилли Лави өзінің «Зейін жүктемесі» (Load Theory of Attention) теориясында: «Мидың ақпаратты қабылдау және өңдеу сыйымдылығы шектеулі. Экрандағы визуалды сигналдар мен тітіркендіргіштердің жылдамдығы тым артқанда, префронтальды қыртыс ақпаратты терең қорытып үлгермейді. Салдарынан ми тек үстірт белгілерді сүзгілейтін режимге өтуге мәжбүр болады», – деп қорытады.

Неліктен біз ұзақ мақаланы оқығанша, қысқа видеоларды сағаттап қарап отыра беруге құмартамыз? Мұның сыры – нейробиологияда. Стэнфорд



медицина мектебінің профессоры Анна Лембке өзінің «Dopamine Nation» деген еңбегінде қысқа видеолар мен әлеуметтік желідегі реакциялар мидың допаминдік марапаттау жүйесін үздіксіз стимуляцияды деп айтып, анық мысалдарды алға тарта отырып дәлелдеп шығады.

Саусақтарымыз экранды түртпектеген сайын ми допаминнің дәмін алып, шағын дозасына құмарта түседі. Бұл нейрон тізбектерін өзгертіп, миды күйгелек, желөкпе ағзаға айналдырып, «тез әрі оңай марапатқа» дағдыландырады. Салдарынан адамның нақты бір істің байыбына бару қабілеті әлсірейді. Ал әлеуметтік желілер

мен қысқа форматты платформалар адамның «байыпты бажайлау», «зиятты зерделеу» сынды керемет қабілетін жүйелі түрде жұтаңдата береді. Желі қолданушы уақыт өте келе күрделі мәтіндер мен аналитикалық тапсырмаларға зейін қою қабілетінен айырылады.

Байыптап оқу байырқасы

Тасыр-тұсыр контент тұтыну форматы адамның сыни санасына, саралау қабілетіне кері әсер етеді. Калифорния университеті, когнитивті нейробиология орталығы-

ның директоры Мэриэнн Вольф өзінің зерттеулерінде бұл жайлы жақсы жазған.

Ғалым қазіргі қоғамда «цифрлық оқу миы» қалыптасып кетті деп мәлімдеді. Ол кісі өз зерттеуін fMRI – функционалдық магнитті-резонанстық томография ска-нерлеріне жүгіне отырып дәлелдеген. Ізденіс нәтижелері көрсеткендей, экрандағы үзік-үзік мәтіндерді немесе қысқа контентті тұтыну кезінде мидың критикалық ойлауға, дедукцияға және эмпатияға жауапты маңдай аймақтары толыққанды активтенбеген.

«Адам баласы оқу қабілетіне ие болып тұмайды, ми оған бейімделеді. Егер біз ақпаратты тек жылдам сканерлеуге әдеттенсек, мидағы критикалық ойлау мен эмпатияға жауапты нейрондық тізбектер қолданыссыз қалады. Бұл – біздің оқу мәдениетімізді ғана емес, байыпты, саналы ойлану қабілетімізді де қусыра түсіп, жадымызды жарға жығатын үрдіс», – дейді ғалым.

Қайтпек керек?

Экранға ұзақ қарау мидың зейінге жауапты префронтальды қыртысын жұтатады. Қазақ халқы ежелден елгезек, көпшіл перзентін ерекше ардақтаған емес пе? Зейінді қайта қалпына келтірудің ең тиімді жолы – «табиғатқа оралу», қоршаған орта құбылыстарын тану, көпшілікке үйірсек болу, айналамыздағы адамдармен араласу.

Мичиган университетінің профессоры Марк Берманның жүргізген зерттеуге қарасақ, далада 20–30 минут серуендеу немесе саябақта барудың өзі мидың жұмыс жадын және зейін қою көрсеткішін 20% арттырған. Яғни күніне 20 минут се-руендеудің орасан зор пайдасы бар.

Қағаз исі сіңген кітаптарды парақтап, қажет тұсында аялдап, астын сыза отырып оқыған да пайдалы. Экраннан мәтін оқыр болсақ, ми мәтінді «сканерлеу» режиміне өтеді. Бұл жазбаның мәнін түсіну көрсеткішін құлдыратып, эмоционал эмпатияны әлсіретеді. Парақтарды сипап отырып, өзіңе ұнаған тұсын көшіріп жазып, қажетті бетін белгілеп, тілшесін қыстыра оқыған кітаптар ой-өрісінді кеңейтеді, миға септесіп, ақпараттың ментальды картасын құруына жол ашады. Асылында, күн сайын ең кемі 30 минут қолымызға қағаз кітап алып, газет-журнал оқып отыруды әдетке айналдырғанымыз жөн.

Қазіргі заман – ілкімді ісіңнен бұрын «ілікті назар аударғаның» еленетін заман. Айналамызда «назараударғыш құралдар» тұтасып тұр. Мұндайда дәстүрлі білім алу жолдарына жүгінудің, ата-баба салтын сақтаудың, өзіңе дейінгі жасаған дегдарлар дәстүрін, тұрмысын танудың, дүниетанымын дәріптеудің маңызы арта түседі.

БАЙЫПТАМА

«ЖАҒАН ҚАЗАҒЫ» БОЛ!

Глокал концепциясы бізге не береді?

Әлемнің жүрдек жүрісіне ілесіп отыру, ілесіп отыру ғана емес, төрт құбылаңды тең тұта отырып бәсекеге түсу, өзгерістер мен қауырт кезеңдерге бейімделу маңызды. Сондай-ақ, ғылыми-техникалық прогрес аламанынан қалыспауың, технократия бәйгесінде қара үзіп алға шығуың шарт. Екінші жағынан – ұлттық болмысымыз бен қазақы қалпымызды, тектестігіміз бен мәдени шырайымызды сақтағанымыз дұрыс.

Социология мен заманауи медиа теориясында бір қызық ұғым бар (әлбетте, біз мұны қазақ жастарының бір қажетіне жарар деген мақсатта сөз етіп отырмыз). Әрі ұғым, әрі оң мен солынан тең танып, жаһандану мен ұлттық бірегейлік арасында қалған замандастарымызға сәуле сеуіп, санасына самаладай жарық құяр қисынды ұстаным.

Ұстаным ғана емес, озық, оңтайлы өмір салты. Нақ анықтамасын айтсақ – «Glocal» концепциясы. Термин ағылшынның «Global» (жаһандық) және «Local» (жергілікті) сөздерінің тоғысуынан туған, «жаһан жағдайында ой қозғап, жергілікті деңгейде әрекет ету» философиясын негізге алған.

Белгілі социолог Роланд Робертсон өз еңбегінде бұл үдеріске кеңінен тоқталып, «Glocal» – жаһандық және жергілікті мәдениеттердің бір-бірін жоюы емес, керісінше өзара тоғысып, байытуы» деп түсіндіреді. Мәдениеттанушы Ян Недервейн Питерсе болса бұл құбылысты «мәдени гибри-дизация» деп атайды. Қалай айтсақ та, қазіргі заманның қос қапталын жалқы жағалау – қауіпті: шамадан тыс тұйық-талып, «жабық есік» саясатын ұстанар болсақ, дамуымыз тежеледі, ал толыққаны ассимиляцияланып кетсек, ұлттық сипатымыз жойылады. Яғни бүгінгі жаңа заман жастары мен жаһан деңгейіндегі мамандардың бойынан екі негізгі сипат қатар табылуға тиіс. Ең алдымен, бойыңа ұлттық

дүниетаным дарыту: түп-тұқияның мен тегіңе тартып туу, ана тілінді, тарихың мен мәдениетіңді жетік білу. Ал екінші маңызды фактор – әлемге ашық болып, өзге құндылықтар мен өзге мәдениеттерді жіті тану, халықаралық тілдерді меңгеру, ғылыми-техникалық мүмкіндіктерді игеру, өзге мәдениеттерге құрметпен қарау және әлемдегі озық аталатын ілім-білімді меңгеру.

Байқасаңыз, «Glocal»-дың белгілі бір элементтері креативті индустрияда бар. Жастарымыз ұлттық мотивтер мен халық фольклорын заманауи трендтермен, IT-технологиялармен және ерекше дизайнмен ұштастырып, әлемдік нарыққа шығарып жатыр. Ғылым мен білім саласында да әлемнің үздік университеттерінде білім алып, сол тәжірибені өз елінің инфрақұрылымы мен экономикасын дамытуға жұмсап жүр. Тіптің, жергілікті мәселелерді шешу кезінде әлемдік, адамзаттық нормалар басшылыққа алып, экологиялық және әлеуметтік мәселелер жүйелей түскен. Бұл тұста ана тілін шетке ысырып, ой-санасы мен болмысын өзге мәдениет пен өзге тілдің «қорығына» айналдырған қатарластырмыз хақында айтып отырған жоқпыз. Қайта қазақ екенін түсіне отырып, әлемге тіл қатқан, адамзаттық құндылықтарға құлаш ұрған білікті замандастарымыз жайындағы сөз. Демек, «Glocal» болу – «жаһан қазағы» болу, өзіңнің кім екеніңді, қайдан шыққаныңды ұмытпау, сол арқылы бүкіл әлемнің бір бөлігі екеніңді сезіну.

Бетті әзірлеген

Дастан ҚУАНДЫҚҰЛЫ.



ӨНЕРДІҢ ӨКІЛІ

ДӘУІРДІҢ ДИОРАМАДАҒЫ ДЕМІ

Елордадан әсем Алматыға
моделист-суретші, миниатюра және тарихи реконструкция шебері – Серік Әбдірахманов келіп қалған екен. Өнердің өзгеше өкілімен тілдесудің сәті түсті. Ерекше дарын иесінің негізгі бағыты – әскери-тарихи миниатюралар, диорамалар (белгілі бір тарихи оқиғаны көлемді композиция түрінде көрсету), шағын мүсін-фигуралар жасау. Шығармаларының дені Ұлы Отан соғысы кезеңіне, батырлар мен тарихи тұлғалар, шайқас көріністеріне арналған.

– **Дәстүрлі сұрақ: екінің бірі бара бермейтін әскери-тарихи миниатюра өнеріне қалай келдіңіз?**

– Бала кезімнен тарихи фильмдерді көп көріп, қалайдыан жасалған ойыншық сарбаздармен ойнап өскенмін. Кейін ермексаздан өзім де әскери фигураларды мүсіндеп алып ойнайтын болдым. 1812 жылғы Наполеон әскері мен Ежелгі грек пен Рим тақырыбына көп қызығатынмын. Сонымен қатар, пластикалық сарбаз-ойыншықтарыммен ауладағы балалармен бірге әртүрлі шайқасты елестетіп ойнайтынбыз. Бұл әуестігім кәсіби деңгейдегі масштабты модельдеу өнеріне ұласқан да болар, бәлкім.

Осыдан жиырма жыл бұрын, Астана қаласының Көлік және коммуникациялар колледжін бітірген кезде осы тақырыпқа деген қызығушылығым орныға түскендей. Сол уақытта дипломдық жобамның тақырыбы «Алтын Орда» локомотивтік депосының макетін жасаумен байланысты еді. Ол кезде қалада арнайы модельшілерге арналған RC Hobby деген жалғыз дүкен болатын. Сол жерде алғаш рет әскери техника мен макеттерді көріп қатты шабыттандым.

– **Миниатюра өнерінің үлкен кескіндемеден ерекшелігі неде? Бұл өнермен елімізде сізден басқа да айналысатындар бар ма?**

– Жалпы, әскери миниатюраның үлкен кескіндемеден ерекшелігі – масштабтың көлемінде деп айтуға болады. Мен жасап жатқан миниатюралар 1/35 масштабта, яғни 35 есе кішірейтілген фигуралар, биіктігі 5 см. Бірақ осы көлемде көрсетілген киім мен жабдықтар кішкентай болғанымен, прототип нұсқасына тура, ұқсас келеді. Сондай-ақ, осындай көлемдегі макеттер мен диорамаларды бір жерден екінші орынға тасымалдау, орналастыру өте ыңғайлы. Себебі, олар көп орын алмайды.

Елімізде бұл өнермен айналысатын азаматтар бар. Мәселен, Алматы, Петропавл, Қарағанды, Павлодар қалаларынан модельшілерді танымын. Алматылық әріптестеріммен 2019 жылы Офицерлер үйінде өткен көрмеде таныстым. Қазіргі уақытта біз хат алмасып, бір-біріміздің



жұмыстарымызға пікір айтып, тілектестігімізді білдіріп, хабарласып тұрамыз.

– **Тарихи композиция жасағанда тарихи дәлдік пен көркемдік шешімнің арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтайсыз? Оқиғаны бейнелеу үшін әлдебір дереккөздерге сүйенесіз бе?**

– Иә, әрине, кіші масштаб болғандықтан барлық аспектіге назар аударған жөн. Тарихи фотолар, құжаттар, деректі фильмдер мен тарихи реконструкция бар журналдар мен арнайы әдебиеттерге қарап композиция жасау да жақсы көмек береді. Сонымен қатар, әлеуметтік желіден әртүрлі тақырыптық сайттарды қарап, өзіме қажетті ақпаратты аламын.

– **Композициядағы әрбір фигураның орны мен қимылын қалай анықтайсыз? Кейіпкерлердің мінезін бес сантиметрлік фигура арқылы қалай жеткізуге болады?**

– Негізі, кез келген шығармашылық еңбектің өз ерекшелігі мен қиындығы қатар жүреді. Әскери миниатюраларды жасау да көп уақыт алады. Ең бастысы – шабыт пен ықыластың болуы. Алдымен ойда болашақта жасалатын оқиғаның сызбасы дайындалады, кейін қажетті ақпарат

жиналып, қолданылатын материалдар іріктеледі. Кейіпкерлердің сырт келбетін жасау жұмыс процесінде белгілі болады. Себебі, бірнеше ой туындап, алғашқыда елестеген фигураны бірнеше рет өзгертуге тура келуі де мүмкін.

– **Иә, сіздің жұмысыңыз өте көп әрі ұсақ фигуралардан тұрады екен. Жұмыс барысында ең көп шыдамды талап ететін сәт?**

– Дұрыс айтасыз, кейбір адамдардың осындай өнермен айналысуға шыдамы жетпей, тіпті тастап кетіп жатады. Менің ойымша, ең көп шыдамды талап ететін сәт – ол фигуралармен техниканы бояу мен жетілдіру кезеңі. Себебі, бір ғана фигураны бояу үшін бір күн уақыт кетуі мүмкін. Әрі қарай әрбір детальді қосымша материалмен жабдықтап, белгілі бір орынға орнату қажет. Ал толық жұмысты жасап бітіруге екі-үш апта мен айлар кетуі мүмкін. Кейде қажетті заттар болмағандықтан оларды өз қолыңмен жасауға тура келеді. Осының бәрі көп уақыт пен шыдамдылықты, сабыр мен төзімді қажет етеді.

– **Қандай материалдарды көбірек қолданасыз? Бір кішкентай фигураны жасауда ең маңыздысы – техника ма, әлде қиял ма?**

– Көбіне арнайы модельдік балшықпен жұмыс істеймін. Ол – шетелдік Magic sculpt, Greenstuff атты материалдар. Бір сағат ішінде кебетін олардың бір ерекшелігі – кіші детальдарды сәтті жасауға болады. Қолыңыздағы модельдік пышақ, кескіш, желім сынды бар жабдықтармен ақ кейіпкердің бет-әлпетін, мимикасын дәл көрсетуге болады. Негізінен мен дайын сатылатын фигуралармен жұмыс істеймін. Көбіне шетелдік «Masterbox – Zvezda – Tamiya – Bronco» атты фирмалардың құрмалас модельдерін қолданамын.

– **Сізді ерекше шабыттандыратын тарихи кезең қайсы?**

– Еліміздің тарихы өте бай және әр кезең ерекшеліктерге, батырлық пен батылдық оқиғаға толы. Маған Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбы жақын. Себебі, бұл сұрапалы соғысқа Қазақстаннан сан мың отандасымыз қатысып, көбі опат болып, хабар-ошарсыз кетіп, ал талайы кейінгі ұрпаққа үлгі болып батыр атанды. Сонымен қатар, тарихымыздан орын алған Ұлт-азаттық қозғалыстар да мені қызықтырады.

– **Өнер тарихты сақтай ма, әлде тарих өнерді тудыра ма?**

– Өте қызық сұрақ. Иә, өнер де тарихпен, тарих та өнермен тығыз байланысты. Біз өткен ғасырлардың оқиғаларынан сыр шертіп, барлық аспектінің қалай болғанын көре алмаймыз. Мысалы, ежелгі адамдардың киімі мен тұрмыс-салтын біз тек археологиялық қазбалардан, сонымен қатар суретшілердің картиналарынан көре аламыз. Ал осы сызбалар мен суреттерге қарап мүсіншілер мен моделистер сол уақыттағы көріністерді 3D форматына түсіріп, оны халыққа шынайы қалыпта көрсете алады. Өнер – тарихта болған сәттерді халыққа жеткізуші, ал тарих – өнер арқылы өз сырын көрсетуші.

– **Әзірге жүзеге асыра алмай жүрген арманыңыз немесе жобаңыз бар ма?**

– Ең басты жоспарым – қазіргі уақытта жинақталып қалған модельдер мен диорамаларды қайтадан жасау. Себебі, кейінгі кезде сүйікті хоббиіммен, шығармашылығыммен айналысуға уақыт таппай жүрмін. Сонымен қатар, болашақта жеке көрменді ашсам деймін. Өкінішке қарай біздің елде мен айналысатын қолөнердің түрі аса дамымаған. Сол себепті, көпшілік оған ойыншық ойнау ретінде қарайды. Әрбір модельшінің арманы – осы бағыттағы халықаралық байқауларға қатысып, өз туындыларын көпшілік назарына көрсетіп, жаңа жетістіктерге қол жеткізуі.

– **Соңғы сауал: сізді Алматымен не байланыстырады?**

– Алматы мен үшін ерекше энергетикасы бар әсем қала. Менің ойымша, еліміздің өнерге жақын барлық адамы, дарындары осы мегаполисте тоғысқан. Алматымен мен өзімнің ғылым жолындағы, музей саласындағы алғашқы қадамдарымды байланыстырамын. Сонымен қатар, өнер саласындағы көп досыммен осы қалада танысқанмын.

– **Әсерлі сұхбат болды. Рахмет!**

Сұхбаттасқан Нұржамал ӘЛІШ.

ЖАҢА ЖОБА

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СУПЕРҚАҺАРМАНДАРЫ

Алматыда Star Bala туындысы таныстырылды

Global Best of Records халықаралық ұйымы мен **Valihan Film** компаниясының бірлескен баспасөз мәслихатында мәнді сөз, әсерлі әңгіме айтылды. Онда Қазақстаннан шыққан рекорд иелерінің жетістіктері сөз болып, режиссер Уәлихан Смағұловтың шығармашылығы кеңінен талқыға түсті. Сондай-ақ, әлемдік кино өндірісіндегі айрықша жоба – **Star Bala** туындысы таныстырылды.



Басқосуды GBR-дің Азия және Африка елдері бойынша әлемдік рекордтарды тіркеу жөніндегі бас офицері Куандық Құдайбергенов жүргізді. Ол жобалардың ерекшеліктеріне, мәдени өміріміздегі биік тұғырына, тарихи маңызына тоқталды, шығармашылық ізденіс шұғыласының күллі шартарапқа шарықтауына жағдай жасау маңызды екенін алға тартты.

GBR дүниежүзілік рекордтар кітабы Азия мен Африканың 103 мемлекетін қамтиды. Өткен жылы Қазақстаннан 20 адам GBR дүниежүзілік рекордтар кітабына енген. Ерен жүйріктер қатарында «Аламан құрақ» жобасының жетекшісі Нұргүл Абайхан, режиссер Уәлихан Смағұлов және өн бойына біткен орасан зор күш-қайратын әлемге әйгілеп, бірнеше мәрте рекорд орнатқан Сергей Цырульников бар. Спикердің сөзінше, өткен жылы әлем бойынша 600-ге жуық рекорд тіркелген. Соның 520-сын GBR ұйымы ресми түрде рәсімдеген.

Баспасөз мәслихатында режиссер Уәлихан Смағұловқа «Жалмауыз кемпір»

фильмі арқылы орнатқан әлемдік рекорды үшін GBR-дің бірегей сертификаты табысталды. Ұйым өкілдерінің айтуынша, сертификаттың түпнұсқалығын растайтын арнайы штрих-коды бар. Мұндай құжат әлем бойынша небәрі 21 адамға беріледі. Алдағы уақытта бірегей сертификатты әйгілі футболшы Криштиану Роналдуға да табыстау жоспарланып отыр.

Уәлихан Смағұлов сөз алып, Star Bala жобасының он жылдығына орай толықметражды фильм түсіріле бастағанын хабарлады. Айта кетелік, аталмыш жоба 2016 жылы Ақтау қаласында қолға алынған. Режис-

сердің айтуынша, алғашқы кезде көпшілік оның атауын түсіне алмай, күмәндана қараған. Алайда, ол Star Bala атауын халықаралық деңгейде танылатын белгіге айналдыруды мақсат еткен. Ол жаңа фильм арқылы қазақстандық суперқаһармандардың бейнесін жасауды көздеп отырғанын мәлімдеді.

Қазір фильмнің алғашқы түсірілімдері басталып, демеушілермен келіссөз жүргізіліп жатыр. Жобаны халықаралық GBR ұйымы мен бірқатар қор қолдап отыр. Айтқандай, баспасөз мәслихатына «Шал» фильміндегі рөлі арқылы көпшілікке танылған актер Ерболат Тоғызақов та қатысты. Ол бұған дейін

Уәлихан Смағұловтың «Жалмауыз кемпір» туындысында ойнаған.

Жиынға Star Bala жобасының жас актерлері де келді. Олар алдағы толықметражды фильмнің негізгі құрамынан орын алып, үлкен киноға алғашқы қадамын жасамақ. Ұйымдастырушылар жобаның басты мақсатын да шегелеп айтып берді, жаңа буын өнерпаздарына жол ашып, қазақстандық кино кейіпкерлерін халықаралық көрерменге танытуды басты мұратымыз деп мәлімдеді.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КӨРМЕ



Дала симфониясы

Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінде Қазақстанның халық суретшісі Сахи Романовтың 100 жылдығына арналған «Дала симфониясы» атты көрме ашылды. Сондай-ақ, іс-шара аясында шебердің шығармашылығына арналған «дөңгелек үстел» өтті.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Сахи Романовтың мерейтойына арналған көрменің ашылуына орай құттықтау хатын жолдады. Ізгі лебізінде Сахи Романовтың қазақ бейнелеу өнерінде ұлттық кескіндеме мен графиканың дамуына зор үлес қосқан дара суретші екенін атап өтті. Сонымен қатар, көрменің суретшінің бай шығармашылық мұрасын жаңаша зерделеп, кейінгі ұрпаққа насихаттаудағы маңызына тоқталып, көрменің табысты өтуіне тілектестік білдірді. Құттықтау хатын музей директоры Гүлайым Жұмабекова оқып берді.

Сахи Романов 1949 жылдан көрмелерге қатыса бастаған. 1955 жылы Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтын (ВГИК, Мәскеу) тәмамдады. 1958 жылы КСРО Суретшілер одағына, ал 1960 жылы Кинематографистер одағына мүшелікке қабылданды. 1967 жылы оған

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, 1981 жылы Қазақ КСР-інің халық суретшісі атағы берілді.

Сахи Романов 1955 жылы институтты тәмамдағаннан кейін «Қазақфильм» киностудиясында қызмет етті. Қоюшы-суретші ретінде ол «Өмір жолы», «Алдар көсе», «Ән қанаты», «Найзатас баурайында», «Құлагер» және өзге де фильмдердің жарық көруіне атсалысты.

Көрмеде суретшінің кеңінен танылған графикалық және станоктық туындылары ұсынылған. Атап айтқанда, «Шопанның отбасы», «Жер туралы декрет», «Отан аспаны аясында», «Бұғаудан босау» секілді шығармалары көз тартады.

Халық суретшісінің бұл мерейтойлық көрмесі оның кең көлемді көркем мұрасының аз ғана бөлігін ұсынды. Бұл келушілерге шығармашылық өсу-өрісінің ауқымын бақылауға және дүниетанымы мен сезімдерін толық жеткізуге тырысқанда қолданған тақырыптары мен стилистикалық тәсілдерінің әлеуетін зерттеуге мүмкіндік береді.

Сахи Романовтың бейнелер әлемі өзінің эпикалық кеңдігімен, көркемдік шеберлігімен, сезім шынайылығымен, ой тереңдігімен және жарқын түстер үйлесімімен көрермендерді баурап келеді әрі Ұлы дала елінің мәңгілік симфониясын құрайды.

Нұржамал ӘЛІШ.

МҰРАЖАЙ

Жәдігерлер мекені

Қазір мұражай тарихи жәдігерді сақтайтын орын ғана емес, сонымен бірге ұлттық дәстүрді, тарихи жады пен мәдени мұраны да кеңінен насихаттайтын маңызды алаңға айналып отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңына келген этнографтар осы тақырыпты тарқатты.

Тарих ғылымының докторы, профессор Аманжол Қалыштың айтуынша, цифрлық технология қарқынды дамып жатқан заманда ұлттық дәстүрдің түпнұсқалығын сақтау мәселесі өзекті болып отыр. Оның пікірінше, мәдени мұраны дәріптеу ғылыми негізге сүйеніп, тарихи деректің шынайы түсіндірмесімен қатар жүруі тиіс. Мұражай да осы бағытта қызмет етіп, экскурсиялық және білім беру бағдарламасын дамытуы керек.

«Жас ұрпақ мұражайда тұрған экспонаттарды көріп қана қоймай, оның тарихи мәнін, маңызы мен қоғам дамуындағы рөлін де түсінуі қажет. Сонда ғана мәдени мұра адамның жеке болмысының ажырамас бөлігіне айналады», – деді профессор.

Ал этнограф, экскурсия жетекшісі Оралбек Кәрім жас ұрпаққа неліктен дәстүрдің сыртқы көрінісімен қатар мазмұнын да жеткізу керек екенін түсіндірді.



«Дәстүр – тек сыртқы атрибут пен мерекелік рәсім ғана емес. Әр салттың астарында халықтың дүниетанымы, үлкенге құрмет, отбасылық құндылық пен тарихи жады жатыр. Егер біз дәстүрдің тек сыртқы пішінін сақтап, мазмұнын ұмытсақ, ол өзінің тәрбиелік мәнін жоғалтады», – деді спикер.

Спикер «салт» пен «дәстүр» ұғымдарының жиі бірге қолданылғанымен, олардың мағынасы әртүрлі екеніне де тоқталды. Оның айтуынша, салт – жеке адам мен қоғамның өмір салтына, мінез-құлық нормасына қатысты ұғым болса, дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халықтың мәдени негізін қалыптастыратын қоғамдық құндылық пен дүниетанымның кең жүйесі.

«Жастардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы артып келеді. Алайда, дәстүрді интернет пен әлеуметтік желідегі жазбалар арқылы танытпай, ара-арасында ғылыми зерттеуге, архивтік материал мен этнографиялық деректерге де сүйеніп отыру керек», – дейді спикер.

Бұл бағытта мұражайлардың рөлі ерекше. Олар көрмелер, дәрістер, экскурсиялар және заманауи цифрлық жобалар арқылы қоғамға ұлттық дәстүрлердің шығу тегі, мәні мен тәрбиелік маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

Сурет: ҚР Ұлттық орталық музейі.

ЖҮЗЕГЕ АСҚАН ЖОБАЛАР

Өңірлік коммуникациялар қызметі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арнап Алатау ауданындағы негізгі нысандарға баспасөз турын ұйымдастырды. Сапар барысында журналистер аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалардың қалай жүзеге асып жатқанын көріп қайтты.

Алатау ауданының әкімі Данияр Қырықбаев аймақтағы жобалардың қалай іске асып жатқанын, олардың әлеуметтік маңызы мен ауданды одан әрі дамыту жоспары жөнінде айтып берді.

«Келешек мектептері» кеңейе түсті

Баспасөз турының алғашқы нысаны «Ақмаржан» шағынауданында орналасқан №230 жаңа жалпы білім беретін мектеп болды. 2 мың оқушыға арналған заманауи білім беру мекемесі толыққанды жұмысын бастау үшін барлық қажетті рұқсат құжатын алыпты.

– Алатау ауданында қазір 35 мектеп жұмыс істейді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биыл екі жайлы мектеп пайдалануға беріледі. Соның бірі 2000 оқушыға арналған, қазірдің өзінде 1700-ден астам бала қабылданды, 1 қыркүйекке қарай оқу орны оқушыларды толық қабылдауға дайын болады. Аудандағы оқушы орнының тапшылығы әлі де өзекті мәселе. Дегенмен, жаңа мектептердің ашылуы қолданыстағы білім беру ұйымдарының жүктемесін айтарлықтай азайтады. Биыл тағы бірнеше мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр. Мұндай жұмыс алдағы жылдары да жалғасады, – деді Алатау ауданының әкімі.

№230 мектеп «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған. Жобаның басты мақсаты – қауіпсіз әрі замандық білім беру ортасын қалыптастыру. Мектеп ең жоғары стандартқа сай жабдықталған. Мұнда информатика, робототехника, физика, химия, биология кабинеттері, STEM-зертхана, мамандандырылған шеберханалар, ресурстық орталығы бар кітапхана мен кең демалыс аймақтары жұмыс істейді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін инклюзия кабинеттері мен сенсорлық бөлме ашылған. Оқушылардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінген. Мектепте бейнебақылау жүйесі мен Face ID арқылы кіруді бақылау жүйесі енгізілген, сондай-ақ оқушылар ағындары жас ерекшелігіне қарай бөлінген. Ғимараттың сейсмикалық төзімділігі жоғары, 10 балдан асатын жер сілкінісіне төтеп бере алады.

Мектеп аумағы да толық абаттанған. Мұнда спорт алаңдары, стадион, workout аймағы, теннис корты мен амфитеатр салынған. Жаңа білім беру нысаны №201 мен №209 мектепке түсетін жүктемені азайтып, шағынаудан тұрғындарын сапалы әрі қолжетімді білім беру инфрақұрылымымен қамтамасыз етеді.

Бұқаралық спорт – басты назарда

– «Атлетикалық ауыл» шағынауданындағы жаңа қоғамдық кеңістік болды. Биылғы мамыр айында басталған алаңқайды абаттандыру жұмысы әлі жалғасып жатыр.

Жоба балалар мен ересектерге арналған осы заманғы әрі жайлы демалыс орнын құруды көздейді. Мұнда серуендеу аллеялары, демалыс аймақтары, заманауи шағын сәулет нысандары, балалар ойын алаңдары, көгалдандыру мен автоматты суару жүйесі салынады.

Мердігер ұйымның директоры Дидар Қонысбаевтың айтуынша, жоба аясында шамамен 1450 шаршы метр аумақта заманауи қоғамдық кеңістік салынып жатыр. Ол жақын маңдағы үйлерде тұратын 1800-ден астам тұрғынның жайлы демалуына арналған.

«Негізгі жұмысты қыркүйек айында аяқтауды жоспарлап отырмыз. Біздің міндетіміз – тұрғындардың сұранысына ие болатын жайлы әрі замандық қоғамдық кеңістік қалыптастыру», – деді мердігер ұйым өкілі.

Сапалы инфрақұрылым

Баспасөз турының соңғы нысаны «Теректі» шағынауданы. Мұнда сумен жабдықтайтын және су бұру желісін дамытуға бағытталған ауқымды жоба жүзеге асып жатыр. Тұрғындарды инженерлік коммуникациямен қамтамасыз ететін жоба аудандағы өзекті мәселенің бірін шешуге бағытталған.

Мердігер ұйымның мәліметінше, жоба аясында жалпы ұзындығы 92 шақырымнан асатын су құбыры мен кәріз желісі салынады. Қазір жұмыстың едәуір бөлігі аяқталған. Жоба іске асқаннан кейін шамамен 9 мың адам тұратын 1700-ге жуық жеке тұрғын үй орталықтандырылған сумен жабдықтайтын және су бұру жүйесіне қосылады.

Аудан әкімінің айтуынша, тұрғындарды сапалы инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету – аумақты дамытудың басым бағыттарының бірі. Жоба аяқталғаннан кейін «Теректі» шағынауданы толықтай орталықтандырылған су және кәріз жүйесімен қамтылып, тұрғындардың өмір сүру жайлылығы артып, коммуналдық қызметтердің жетіспеушілігіне байланысты әлеуметтік мәселелер шешіледі.

Баспасөз туры қорытындылаған Данияр Қырықбаев Алатау ауданы қазір қаланың ең қарқынды дамып келе жатқан аумақтың бірі екенін атап өтті. Мұнда білім беру, абаттандыру мен инженерлік инфрақұрылым саласында ірі жобалар қатар жүзеге асып жатыр. Барлығы жайлы қалалық орта қалыптастырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Нұрлан СҮЙІН.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Инженерлік жүйелер жаңарып жатыр

Жетісу ауданында коммуналдық желілерді қайта құруға бағытталған негізгі жоба жүзеге асырылып жатыр. Аудан әкімдігі қызметкерлерінің мәліметінше, бүгінде 7 шақырымнан астам су құбыры мен шамамен 1 шақырым кәріз желісі жаңартылуда. Сонымен қатар, 2-ші Гончарная көшесінде ұзындығы 340 метр болатын жылу желілерін қайта жаңғырту басталды. Қазір уақытша желілер тартылып, негізгі жұмыстар үш ай ішінде аяқталады деп жоспарланған.



Одан бөлек, кернеуі 6–10 кВ болатын кабельдік электр желілерін жаңғырту жұмыстары да қатар жүргізілуде. Бұл жобаларды жыл соңына дейін толық аяқтау көзделген.

Бүгінде ауданда 120-дан астам көшені қамтитын, ұзындығы 98 шақырым болатын инженерлік желі салуды көздейтін үлкен жоба жүзеге асты. Осылайша 15 көшедегі су мен кәріз желілері пайдалануға беріліп, «Алматы Су» ШЖҚ МКК балансына 9 көшедегі сумен жабдықтау, 6 көшедегі су бұру желілері салынды.

Сонымен қатар, су мен кәріз желісі толық біткен тағы 12 көшеде инженерлік желілердің құрылысы толық аяқталды. Биыл да Рысқұлов – Сүйінбай – Райымбек – Тәтібеков көшесімен шектелген аумақтағы жобаны жүзеге асыру жалғасып жатыр. Жоба аясында 26 шақырым ішкі кварталдық инженерлік желінің құрылысы қарастырылса, оның 13,41 шақырымы – сумен жабдықтау, 12,23 шақырымы – су бұру жүйесі.

Жоба басталғаннан бері 9,2 шақырым желі салынды, оның ішінде 5,8 шақырымы – су желісі, 3,4 шақырымы –

кәріз желісі. Бұған қоса, инженерлік коммуникациялар құрылысы аяқталған көшелерде жол жабындысын қалпына келтіріп жатыр. Қазір бес көшеге асфальт төселіп бітті, енді тағы осындай төрт көше қалды. Сонымен қатар, «Алматы Су» ШЖҚ МКК жалпы ұзындығы 3,6 шақырым болатын су мен кәріз желісін қайта құратын алты жобаны іске асырылды. «Айнабұлақ-1» шағынауданында да екі жылу желісін қайта жаңарту жобасы да аяқталу сатысында тұр. Инженерлік желілердің кешенді дамуы Жетісу ауданының коммуналдық инфрақұрылымының сенімділігін едәуір арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Инженерлік инфрақұрылымды жүйелі түрде жаңғырту – Жетісу ауданының тұрақты дамуының басты кепілі. Жаңарған коммуналдық желілер апаттық жағдайлардың алдын алып қана қоймай, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартып, қаланың тыныс-тіршілігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТЕГІН КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Наурызбай ауданында «Заң мен әділдік – елдің іргетасы» жобасы аясында тұрғындарға тегін заңгерлік кеңес берілді.

Бұл іс-шара құқықтық көмекті әрбір азаматқа қолжетімді ету, әсіресе, әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету және тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруды көздеген. Кездесу барысында Наурызбай ауданының және Алматы қаласының прокуратура, полиция органдарының өкілдері, адвокаттар мен заңгерлер тұрғындарды қабылдап, түрлі құқықтық мәселе бойынша тегін кеңес берді. Азаматтар тұрғын үй, жер, әлеуметтік төлемдер, еңбек қатынастары, отбасылық құқық және басқа да құқықтық мәселелерге қатысты сауалдарына жауап алды.

Халықаралық деңгейдегі тренер-медиатор, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының сарапшы-лекторы Жәнділда Әжіғалиұлының айтуынша, жоба аясында құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйым өкілдері бірнеше ауданда тұрғындармен кездесіп, «Заң мен тәртіп» қағидаты негізінде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

– Конституциямызда әр азаматтың құқығы тең. Сондықтан тұрғындардың



құқықтық мәселелерін заң аясында шешуге бағытталған мұндай кездесулердің маңызы зор. Бізге көбіне еңбек, отбасылық және жер дауларына қатысты сұрақтармен жүгінеді.


Кейбір жағдайда ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктерді медиация арқылы шешіп, тараптарды татуластыруға мүмкіндік болды, – деді ол.

Наурызбай ауданы полиция басқармасының өкілі Ерген Қайратұлы тұрғындардың көбіне әкімшілік құқық бұзушылықтар мен азаматтық-құқықтық қатынастардың мәнін толық түсінбейтінін айтты.

– Біз учаскелік полиция қызметкерлерімен бірге тұрғындар арасында тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Көп жағдайда азаматтар алаяқтық және отбасылық зорлық-зомбылық мәселелері бойынша жүгінеді. Әсіресе, егде



жастағы адамдар телефон мен интернет қызметтерін толық меңгермегендіктен, алаяқтардың құрбанына жиі айналады. Сондықтан eGov порталындағы несие рәсімдеу мүмкіндігін бұғаттау немесе қайта қосу қызметтерін бақылап отыру маңызды. Жыл басынан бері аудандағы «Шұғыланың» өзінде 200-ге жуық тұрғын түрлі



мәселе бойынша полицияға жүгінді. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың құқықтық тәрбиесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Азаматтарды жалған ақпаратқа сенбей, ресми мемлекеттік порталдардағы мәліметтерге сүйенуге шақырамыз, – деді полиция өкілі.

Мұндай кездесулер тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттырып қана қоймай, мемлекеттік органдар мен халық арасындағы өзара байланысты нығайтуға ықпал етеді.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: С.СЕРІБАЙҰЛЫ.

БАЛАНЫ ҚОРҒАЙТЫН БАСҚАРМА

Жақында Алматыда баланың құқығын қорғау басқармасы құрылды. Жаңа басқарманың мақсат-міндеті туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің өткен брифингте Алматы қаласы балалардың құқығын қорғау басқармасының басшысы Жанат Айтпаева кеңінен таныстырды.

Маңызды бастама

Басқарма басшысының айтуынша, жаңа құрылымның құрылуы кезекті әкімшілік реформа емес. Бұл – балалық шақты қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың жаңа кезеңі. Басқарманың маңызды өкілеттіктерінің бірі – балаларға қызмет көрсететін мекемелерге алдын ала ескертусіз барып, тексеру жүргізу құқығының берілуі. Бұл балалардың қауіпсіздігін бақылауды күшейтіп, олардың құқығының бұзылуына жол бермеуге бағытталған.

Сонымен қатар, Алматыда қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды кешенді сүйемелдеу жүйесі енгізіледі. Бұған дейін ата-аналар қажетті көмек алу үшін бірнеше мекемеге жүгінуге мәжбүр болса, енді әрбір балаға жеке кейс-менеджер бекітіледі. Ол әлеуметтік қызметкерлердің, психологтардың, дәрігерлер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің жұмысын үйлестіріп, қажетті көмектің уақытылы әрі тиімді көрсетілуіне жауап береді.

«Алғаш рет заңнамалық деңгейде балалардың қорғайтын өңірлік уәкілетті органдардың мәртебесі бекітіліп, олардың өкілеті, функциясы мен жұмыс тетігі нақты айқындалды. Осылайша мемлекет бала құқығының бұзылуын дер кезінде анықтап, әр баланы кешенді түрде қорғауға мүмкіндік беретін құқықтық негіз қалыптастырып отыр», – дейді Жанат Айтпаева.



Жаңа заң басқарманың өкілеттігін айқындап, оның жұмысының бірыңғай стандартын бекітіп, кейс-менеджмент институтын енгізді. Басқарма қызметкерлеріне балалары бар мемлекеттік органдарға, мектептерге, балабақшаларға, медициналық және әлеуметтік мекемелерге кедергісіз кіріп, балалардың құқығының сақталуын бақылайтын құқық берілді. Олардың заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін әкімшілік жауапкершілік жағы да көзделген.

Алматыда дәл қазір 688 887 бала тұрып жатыр. Сондықтан қалада құқық бұзушылықтан кейін әрекет ететін емес, оның алдын алатын жүйе ауадай қажет болғандықтан Басқармамен қатар балалардың құқығын қорғау орталығы да жұмыс істейді. Олар өтінішке жедел жауап беріп, үйдегі қолайсыздықты ерте анықтап, жағдайды ушықтырып алмай тұрып көмек көрсетуге сеп болмақ. Кейс-менеджмент жүйесін енгізу үлкен өзгеріс болды. Енді отбасылар қажетті мемлекеттік органды өздері іздеп, олардың жұмысын үйлестіруге міндетті болмайды.

«Енді бала бір мемлекеттік органдан екіншісіне барып, әр жолы көмекке мұқтаж екенін қайта-қайта дәлелдеуге тиіс емес. Мемлекеттік органдардың өзі баланың мүддесі үшін бірігіп, өзара үйлесімді әрі жедел әрекет етуі қажет», – деді Жанат Айтпаева.

Бұл ретте көмекке мұқтаж әр балаға кейс-менеджер бекітіледі. Ол отбасын сүйемелдейтін жеке жоспар әзірлеп, психологтардың, педагогтердің, әлеуметтік қызметкерлердің, медицина мамандары мен құқық қорғау органы қызметкер-

лерінің жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ барлық қолдау шараларының орындалуын бақылап, 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру екеніне тоқталды. Жалпы, бұл құжат балаларды қорғаудың профилактикалық моделін дамыту, отбасын сүйемелдеудің цифрлық сервистерін енгізу, психологиялық көмекке қолжетімділікті кеңейту, қорғаншылық және қамқоршылық жүйесін жетілдіру, сондай-ақ отбасы институтын нығайтуды көздейді.

Сонымен қатар, биыл «Алматы – қауіпсіз балалық шақ» атты мекемеаралық жоба іске қосылады. Оған полиция, прокуратура, салалық басқармалар, аудандық әкімдіктер, үкіметтік емес ұйымдар, еріктілер, сарапшылар мен бұқаралық ақпарат құралдары қатысады. Жоба тұрақты негізде жұмыс істеп, баланың барлық ортасын қамтиды: отбасы, мектептер мен балабақшалар, спорт секциялары, қосымша білім беру ұйымдары, қоғамдық орындар және цифрлық кеңістік. Оның міндеті – балалардың құқығының бұзылуы туралы сигналдарға жедел әрекет ету ғана емес, ықтимал қауіп-қатерлерді алдын ала анықтау.

Жаңа пәндер енгізіледі

– Жаңа оқу жылынан бастап мектепте жаңа пәндер енгізіледі. 5–7-сынып оқушылары « Конституция негіздері» курсын, ал 8–9-сынып оқушылары «Заң мен тәртіп» пәнін оқиды. Сонымен қатар, «Жеке қауіпсіздік» бағдарламасы толық жаңартылады. Сабақта балаларға бул-

линг пен кибербуллингке, интернет-алаяқтыққа қарсы тұру, жеке деректерін қорғау мен қауіпті жағдайда дұрыс әрекет етудің жолын үйрете бастайды, – деді. Иә, Жанат Айтпаеваның айтуынша, барлық өзгерістің мақсаты белгілі. Ең алдымен, балаға көрсетілетін көмекті барынша түсінікті әрі қолжетімді ету қажет.

«Ең бастысы – қала тұрғындары нақты өзгерісті сезінуі керек. Бұл – көмекті алудың түсінікті әрі қолжетімді тәртібі, отбасын сүйемелдеудің бірыңғай маршруты, балалардың құқығы бұзылғанда жедел әрекет ету, мемлекеттік қызметтің сапасын арттырып, мекемеаралық өзара іс-қимылды күшейту. Жаңа Басқарманың қызметі осындай. Кейде дер кезінде жасалған бір ғана қоңырау қайғылы жағдайдың алдын алып, зорлық-зомбылықты тоқтатып, баланың өмірін сақтап қалуы мүмкін», – дейді спикер.

Жауапкершілікке тартылды

Басқарма басшысы Алматыда буллинг пен кибербуллингке тап болған балаларға көмек көрсететін қауіпсіз арналардың дамып жатқаны туралы да тоқталды. Өткен оқу жылында Алматыда балалар арасындағы буллингке қатысты 457 өтініш тіркелсе, барлығы сенім телефоны, 111 бірыңғай байланыс желісі мен консультациялық алаңдар арқылы келіп түскен екен. Мамандар әрқайсысын тексеріп, қажет болған жағдайда психологтар, әлеуметтік қызметкерлер мен басқа да бейінді қызметті осы іске тартқан.

Мәселен, 2025 жылдың өзінде Алматы мектептерінде буллингтің ықтимал жағдайлары туралы 638 хабарлама тіркеліп, олардың әрбір өтініші мұқият тексеріліп, балалар мен жанжалға қатысушыларға психологиялық әрі педагогикалық көмек көрсетілген. Буллингтің расталған алты фактісі бойынша кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

«DOSBOLLIKE» бағдарламасы аясында буллинг пен кибербуллингтің алдын алуға арналған 112 мыңнан астам сабақ өткізіліп, оған 314 мыңнан астам оқушы қатысқан. Сондай-ақ, білім беру ұйымдарында психологтар, әлеуметтік педагогтер мен медиация қызметтері жұмыс істейді. Басқарма басшысы ата-аналар мен заңды өкілдер балалардың құқығын қорғау басқармасына жеке өзі, жазбаша түрде, е-Ötinish порталы арқылы немесе өтініш қабылдаудың басқа да ресми арнасы арқылы жүгіне алатынын еске салды.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

«МЕН ЕСТИМІН»

Трекинг-орталық сапа мен уақытты ұштастырады

Шаһардағы №5 клиникалық ауруханада еліміз бойынша алғашқы аудиологиялық скринингті сүйемелдеу жөніндегі трекинг-орталық ашылды. Бұл бастама Сурдология бойынша құзыреттілік орталығының базасында жүзеге асырылып отыр.

Есту қабілеті нашар, құлағының мүкісі бар пациенттердің бірыңғай тіркелімін енгізу жүйесі бұған дейін «Мен естимін» пилоттық жобасы аясында сынақтан табысты өткен болатын. Жоба Алматыдағы үш перзентхана, үш медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымы және екі сурдологиялық кабинетті қамтыды. Пилоттық кезеңнің қорытындысы жобаның тиімдігін дәлелдеп, оны кең көлемде енгізудің маңызын көрсетті.

«Бұл жүйеге алдағы уақытта Алматыдағы барлық перзентхана мен медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарын кезең-кезеңімен қосатын боламыз. Бұл есту қабілеті бұзылыстарын ерте анықтау мен балаларды үздіксіз сүйемелдеудің бірыңғай бағытын қалыптастыруға мүмкіндік береді», – деді трекинг-орталықтың лентасын қиған қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов.

«Мен естимін» жобасы аясында бала аудиологиялық скринингтен бастап нақты диагноз қою, ем алу, есту аппаратымен қамтамасыз ету және оңалтуға дейінгі барлық кезеңде тұрақты бақылауда болады. Бұл жүйедегі негізгі буын – трекинг-орталық. Ол скрининг нәтижесін нақты уақыт режимінде қабылдап, «жасыл дәліз» қағидаты бойынша қосымша тексеруді ұйымдастырады және есту қабілеті бұзылған балаларды толық сүйемел-

деуді қамтамасыз етеді. Жүйенің тиімділігі бүгінде нақты нәтижемен дәлелденіп отыр. Мәселен, жыл басынан бері 11 баланың мүлдем естімейтіні дер кезінде анықталды. Олардың бәріне кохлеарлық имплантация жасалып, қазір оңалту курсынан өтіп жатыр.

Жоба толық көлемде іске асырылғаннан кейін жыл сайын 90 мыңнан астам баланы аудиологиялық мониторингпен қамту жоспарланып отыр. Бұл нәресте өмірінің алғашқы жылында ауыр дәрежедегі есту бұзылысы мен саңыраулықты дер кезінде анықтап, емдеуді мүмкіндігінше ерте бастауға жол ашады.

Сонымен қатар, есту қабілеті бұзылған пациенттердің бірыңғай тіркелімі енгізіледі. Ол балалар мен ересектер туралы деректі бір жүйеге біріктіріп, пациенттерді диагноз қою кезеңінен бастап емдеу мен оңалтуға дейін үздіксіз сүйемелдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мамандандырылған медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Жыл басынан бері №5 қалалық клиникалық аурухананың Сурдология бойынша құзыреттілік орталығының мамандары МӘМС жүйесі аясында есту қабілетін жақсартуға бағытталған 200-ден астам ота жасады. Сонымен бірге, 400-ден астам пациентке есту аппаратымен қамтамасыз етуге жолдама берілді. Бүгінде орталыққа еліміздің түкпір-түкпірінен жүгінетін пациенттердің 58 пайызы – алматылықтар.



«МҮМКІНДІК ТЕРЕЗЕСІ»

немесе ревматологқа қашан қаралу маңызды?

Алматылық дәрігер ревматологқа қашан қаралу керек және неге дер кезінде бару маңызды деген сауалымызға жауап берді.

Буын, омыртқа, бұлшықет және дәнекер тін аурулары баяу дамып, алғашқы белгілері байқалмай өтуі мүмкін. Уақытында дәрігерге қаралу аурудың дамуын тоқтатып, өмір сапасын сақтауда шешуші рөл атқарады.

ЕГЕР СІЗДЕ:

- буындар мен бұлшықеттердегі ауырсыну немесе таңертең қатайып қалу, қозғалыстың шектелуі;
- буынның ісінуі, қызаруы, дене қызуының жоғарылауы немесе пішінінің өзгеруі;
- үнемі шаршап жүру, әлсіздік, тәбеттің төмендеуі, салмақ жоғалту, дене қызуының себепсіз көтерілуі (37,5°C және одан жоғары);
- бөртпе, қызару, қабыршақтану, ауыз қуысында жаралар, тері бедерінің өзгеруі, әсіресе, буын маңында;
- қол-аяқтың ұюы, шаншу, әлсіздік байқалса, онда ревматологқа бару қажет.

Ангина немесе стрептококкты инфекциялардан кейін ревматологқа қаралу маңызды. Себебі,



бұл аурулар буын мен жүрекке әсер етуі мүмкін. Егер жақын туыстарыңызда ревматикалық аурулар болған болса, сізде де мұндай аурулардың даму қаупі жоғары.

Кардиология және ішкі аурулар F3I №2 терапия бөлімшесінің меңгерушісі, ревматолог Майса Қалы-

қованың айтуынша, ревматологияда «мүмкіндік терезесі» деген ұғым бар. Бұл аурудың алғашқы кезеңі, яғни қабыну процесі әлі де қайтымды және дер кезінде басталған ем аурудың дамуын тоқтатуға мүмкіндік береді. Уақытында диагноз қойылып, ем басталса, тұрақты ремиссияға қол жеткізуге, буындардың бұзылуына жол бермеуге және науқастың белсенді өмірін сақтауға болады.

Қазіргі күні ревматикалық ауруларды емдеуде «мақсатқа бағытталған ем» (treat to target) қағидасы кеңінен қолданылады. Бұл тәсілде дәрігер емді жеке таңдап, ауру белсенділігін тұрақты бақылауда ұстайды және нақты нәтижеге – қабынудың толық басылуы мен буын қызметінің қалпына келуіне қол жеткізгенге дейін терапияны түзетіп отырады.

Ауру белгілері байқалған сәттен бастап ревматологқа қаралу – емнің тиімділігін арттырып, асқынулардың алдын алудың ең маңызды қадамы. Жоғарыда айтылған симптомдардың күшеюін күтпей, ерте кезеңде тексеріліп, қажет болса ем бастаңыз. Уақытылы көмек – денсаулық пен белсенді өмірдің кепілі.



ЕКІ ЕМХАНА, БІР АМБУЛАТОРИЯ

бой көтеріп келеді

Мегполистегі «Құрамыс» пен «Шұғыла» шағынаудандарында екі емхана, сондай-ақ «Ақжар» шағынауданында отбасылық-дәрігерлік амбулатория салынып жатыр.

«Құрамыстағы» бір ауысымда 500 адам қабылдайтын емхананы осы жылдың соңына дейін бітіріп, пайдалануға беру жоспарланған. Қазіргі уақытта нысанда әрлеу және қасбетті жаңарту жұмыстары, сондай-ақ инженерлік жүйелер мен металл құрылымдарын монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Ал «Шұғылада» бой көтеріп жатқан емханада монолитті жұмыстар, қабырға қалау, шатыр орнату және инженерлік желілерді тарту жұмыстары атқарылуда. Құрылысты осы күзде аяқтау көзделген. Бұл медициналық мекеме де бір ауысымда 500 адам қабылдайтын болады. Ал «Ақжар» шағынауданында салынып жатқан отбасылық-дәрігерлік амбулатория бір ауысымда 200 адамды қабылдайтын болады.

Сонымен қатар, №7 қалалық клиникалық аурухананы қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Ауқымды жобаны келер жылдың көктемінде аяқтау жоспарланған.



«АШЫҚ ЕСІКТІҢ»

пайдасы

Алматы онкологиялық орталығында сүйек және жұмсақ тін ісіктерінің (саркомалар) алдын алу бойынша «Ашық есік» күні өткен болатын. Тегін тексеріліп, кеңес алуға 29 алматылық келді.

Солардың арасында «Ашық есік» болатынын Instagram-нан білген ер адам болды. Ол дәрігерлерге қабырғасының асты жаңына батып ауырып жүргенін айтқан. Дер шағында келген екен, мамандар оның ағзасынан бауыр түзілуін анықтады. Яғни ультрадыбыстық зерттеуден кейін қосымша тексерісті қажет ететін ісіктің бары белгілі болған. Диагнозды растау үшін жоспарлы бауыр биопсиясы ұсынылды.

Әдетте көбіміз ауру асқынып, әбден әл-дәрменіміз таусылар шақта аурухана табалдырығынан аттап жатамыз. Ол дұрыс емес. Міне, осы бір ғана клиникалық жағдай алдын алу іс-шаралары мен уақытылы медициналық көмектің маңыздылығын айқын көрсетеді. Көп жағдайда қауіпті ауруларды ерте кезеңде анықтауға көмектесетін дәл осындай акциялар. Ал ерте анықталған кеселді емдеу нәтиже береді.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

КӨРІКТІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР

Қалада қоғамдық кеңістіктерді дамытуға бағытталған кешенді бағдарлама аясындағы жұмыстар жалғасуда. Биылғы алғашқы жар-тыжылдықтың қорытындысы бойынша, тоғыз нысандағы негізгі көркейту жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, қаланың ірі аумақтарын көріктендіру жалғасып, жаңа жобалар іске асырыла бастады. Бұл туралы Алматы қаласының Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының өкілдері хабарлады.



Қазіргі уақытта Достық даңғылы, Пушкин көшесі, Сайран көлінің жағалауы, Геологтар аллеясы, «Оңтүстік» саябағы, Баум тоғайы, FLOW PARK, Республика алаңы және «Атакент» Іскерлік ынтымақтастық орталығы алдындағы алаң пайдалануға дайындалды. Қазір бұл нысандарда соңғы әрлеу және түзету жұмыстары жүргізілуде.

Көркейту барысында жүргіншілер аймақтары жаңартылып, сыртқы жарықтандыру жүйелері мен автоматты суару жүйелері орнатылды. Сондай-ақ, көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, шағын сәулеттік нысандар, балалар және спорт алаңдары, заманауи демалыс аймақтары салынды. Нысандардың техникалық дайындығы тұрғындардың оларды қазірдің өзінде серуендеу және демалу үшін пайдалануына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, көркейту бағдарламасының келесі кезеңдері де жалғасуда. 2026 жылдың соңына дейін Тұңғыш Президент саябағын қайта жаңғырту, сондай-ақ Тимирязев, Массаншы, Сейфуллин, Жароков, Жандосов, Розыбакиев, Сәтбаев көшелері

мен Абай даңғылын көркейту жоспарланған. Ал Н.Сац атындағы балалар мен жасөспірімдер театры маңындағы скверді көріктендіру жұмыстары тамыз айының соңына дейін аяқталмақ.

Бұдан бөлек, балаларға арналған Ғылым музейінің құрылысы жүріп жатыр. Нысанды биылғы жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған.

Қалада қоғамдық кеңістіктерді дамытуға арналған жаңа жобалар да бастау алды. Соның бірі Әуежай көлі аумағын қайта жаңғырту. Бұл жерде тұрғындарға арналған заманауи демалыс аймағын құру көзделген. Жаңа жобалар қалалық ортаның сапасын арттыруға, демалыс инфрақұрылымын дамытуға және жайлы қоғамдық кеңістіктер қалыптастыруға бағытталған.

Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының мәліметінше, барлық нысанда құрылыс-монтаж жұмыстарының барысына, тартылған техника мен жұмысшылар санына күн сайын бақылау жүргізіледі. Бұл жобалардың белгіленген мерзімде аяқталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

30 аула жөнделді

Алмалы ауданында 30 аула аумағын ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Тағы сегіз нысанда көркейту жұмыстары жалғасып жатыр. Бұл туралы аудан әкімдігінің өкілдері хабарлады.

2026 жылы аудан бойынша барлығы 38 ауланы жаңарту жоспарланған. Жоба аясында аула жабындарын жөндеу, балалар және спорт алаңдарын орнату мен жаңарту, орындықтар, қоқыс жәшіктері және басқа да көркейту элементтерін орналастыру қарастырылған.

Сонымен қатар, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында тұрғындардың 19 бастамасы жүзеге асырылып жатыр. Оның бесеуі аяқталса, сегіз нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары қарқын алған. Тағы бес жоба бойынша жұмысты бастау жоспарланған.

Бұл жобалар қоғамдық кеңістіктерді жаңартуды, демалыс орындарын көркейтуді, балалар ойын және спорт алаңдарын орнатуды, көгалдандыру мен сыртқы жарықтандыруды қамтиды. Алматының Алмалы ауданында 30 аула жөнделді.

Әзірлеген Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



Жобалау-құрылыс саласы үшін орны толмас ауыр қаза болды. 2026 жылдың 30 шілдесінде 81 жасқа қараған шағында белгілі сәулетші, Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі, Шығыс елдері сәулет өнерінің халықаралық академиясының, Еуразия халықаралық экономикалық академиясының, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, профессор, Астана қаласының алғашқы бас сәулетшісі, «KAZGOR» жобалау академиясының бас сәулетшісі Ералиев Тоқтар Ералыұлы дүниеден өтті.

Ералиев Тоқтар Ералыұлы – 1946 жылы 13 маусымда Түркістан облысында дүниеге келді. 1970 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «сәулетші» мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын «Казгорстройпроект» Бас мемлекеттік жобалау институтында (қазіргі – «KAZGOR» жобалау академиясы) бастап, сәулетшіден академияның бірінші вице-президенті, бас сәулетшісіне дейінгі лауазымдарды атқарды.

Ералиев Тоқтар Ералыұлы жоғарғы білікті маман әрі тәжірибелі басшы болды. Кәсіби қызметі барысында көптеген маңызды өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандарды әзірлеуге және жобалауға қатысты. Еліміздің бас қаласы Астананың жаңа сәулеттік келбетін жасауда белсенді шығармашылық қызметімен үлкен еңбек сіңірді.

Тоқтар Ералиев белсенді қоғамдық жұмыстарды да атқарды. Қазақстанның Сәулетшілер одағының белсенді мүшесі, төрағасы (1988–1991), президенті (1992–1993) болды, КСРО Жоғарғы Кеңесінің шақырылымында Халық депутаты болып сайланды (1989), КСРО Жоғарғы Кеңесінің Сәулет және құрылыс мәселелері комитетінің мүшесі және КСРО Жоғарғы Кеңесінің Халықаралық істер жөніндегі комитетінің мүшесі (1991–1992) болды.

Тоқтар Ералиев халықаралық ғылыми-техникалық байланыстарды дамытуға және нығайтуға, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қазақстандық мамандардың әлем сахнасында беделінің артуына айтарлықтай үлес қосты. Т.Ералиевтің кәсібилігі оның жеке қасиеттерінен бастау алады. Ол тәжірибелі, білімді азамат болды, өз елінің патриоты, ісіне адал, ұйымға абыройлы басшы, отбасының ұйытқысы болды.

Т.Е.Ералиевтің еңбегі мемлекеттік марапаттармен – «Парасат», «Барыс» (I, II дәрежелі), «Астана», «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» және басқа медальдармен аталып өтті.

Жоғары кәсіби маман, қамқор әріптес, дарынды сәулетші Ералиев Тоқтар Ералыұлының жарқын бейнесі оның әріптестері мен достарының жадында мәңгілікке қалады.

**«KAZGOR»
жобалау академиясының ұжымы.**

Алмалы ауданының «Тен Qogam» мүгедек жандарды әлеуметтік қолдау орталығы 2026 жылдың наурыз айынан бастап өз жұмысын жалғастыруда. Қызмет мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық, білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік және де басқа курстарды өткізуге бағытталған.

**Мекенжайы: Жамбыл көшесі, 168 А.
Телефон: +7 (727) 378-88-04.
Instagram: tenqogam.almaly.2026**



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55.

E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі
E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

**«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз**

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 252 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор –
Дана САДЫРҚАН**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» ауе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.**



ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ЭКО-ПЛАТФОРМА

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы мен EcoHub бірлесіп, үш жаңа эко-инновацияны таныстырды. Жоба аясында тұрғындарға волонтерлік сағаттарды есептейтін қосымша ұсынылып, пластик пен батареяларды қайта өңдеудің жаңа тетіктері іске қосылды.

Енді қала тұрғындары мобильді қосымша арқылы волонтерлік белсенділігін есептеп, тапсырған пластиктен эко-жиһаз жасата алады.

«Бүгін біз үшін шынымен де тарихи сәт. Өйткені, бір күнде үш бірдей жобаны іске қосып жатырмыз. Енді сенбіліктер өткізумен ғана шектелмейміз, тұрғындарға қалдықтарды сұрыптау туралы кеңес береміз. Осы қосымша арқылы волонтерлердің



іске қосылды

белсенділігін есептей аламыз. Оған қоса, еліміз бойынша қалдықтарды өткізуге болатын барлық нүкте жинақталады. Тұрғындардың жеке рейтингі, қанша қалдық тапсырғаны, қанша адамды эко-мәдениетке тартқаны есепке алынып, тіпті мемлекеттік органдар арасында экологиялық өмір салтын ұстану бойынша жарыс та ұйымдастырылады», – дейді EcoNetwork және EcoHub жобаларының негізін қалаушы Евгений Мұхамеджанов.

Екінші жаңалық – KCS Plast жергілікті зауытымен бірлескен акция. Бұл арқылы сусабынның ыдыстарын, шөлмектерді, канистрлер мен жеміс-жидек салатын пластик жәшіктерді таза күйінде EcoHub-қа тапсыра алады. Белгіленген көлемді жинаған соң, пластиктен жасалған үстел, орындық сияқты эко-жиһаздарға тапсырыс беруге болады.

Ал үшіншісі – ноутбук, планшет, дрон, телефондардың аккумуляторларын қайта өңдеу. Бұған дейін мұны зауыттар тек ақшаға өңдейтін, ал енді NULOOP зауыты

логистиканы да, өңдеуді де өз мойнына алып, тегін қабылдауға дайын. Тұрғындар бұл қалдықтарды да EcoHub арқылы тапсыра алады. Осындай эко-белсенділік танытқан азаматтарды ынтыландыру үшін арнайы сыйлықтар мен мотивациялық бонустар да қарастырылған.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаевтың сөзінше, мұндай жобалар тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастырып, қалдықтарды сұрыптау жүйесін дамытуға және халықтың экологиялық бастамаларға белсенді қатысуына үлкен мүмкіндік береді.

«Алматы қаласында жыл басынан бері 550 мың тонна қалдық шығарылды. Осы қалдықтың барлығы сұрыптаудан өтіп, оның 18%-ы қайта өңделетін. Атқарылып жатқан осындай кешенді жұмыстар мен жаңа бастамалардың арқасында биыл, 2026 жылы қайта өңдеу үлесін 18%-дан 25%-ға дейін арттыруды көздеп отырмыз», – дейді ол.



«TURAQTY JOL 7.0»:

Алматыда Youth Eco Camp жобасының финалы өтті

«TURAQTY JOL 7.0» ұлттық әлеуметтік экологиялық науқаны аясында Youth Eco Camp жобасының финалы өтті. Еліміздің барлық өңірінен келген 14–18 жас аралығындағы мектеп оқушыларынан құралған 18 команда қазылар алқасына экологиялық жобалары мен стартаптарын таныстырды. Нәтижесінде жеңімпаздар анықталып, үздік бастамаларды дамытуға 5 000 000 теңге берілді.

Бұл білім беру бағдарламасы жастардың бойында мәдени, өнегелік және экологиялық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Жетінші жыл қатарынан өтіп жатқан жобаны ЮНЕСКО Клубтарының Қазақстан Ұлттық Федерациясы мен Nazarxoz университетінің ЮНЕСКО Клубы ұйымдастырды. Алматыдағы ЮНЕСКО Өңірлік офисі мен Алматы қаласының әкімдігі де қолдау білдірген.

Ұйымдастырушылардың сөзінше, биылғы байқауға барлық облыстан 400-ге жуық өтінім келіп түскен. TURAQTY JOL экокмпаниясының жастардың инновациялық компоненті іске асырылған соңғы үш кезеңде 5500-ге жуық өтінім қабылданып, жастардың экологиялық стартаптарын қаржыландыруға 35 000 000 теңге бағытталды. Оқушылар 26 шілде мен



1 тамыз аралығында экология, кәсіпкерлік, медиа және қаржылық сауаттылық саласының мамандарынан дәріс алып, өз жобаларын пысықтады.

Жобаның барысы туралы ұйымдастырушы Миран Айсана: «Бүгінгі финалда бағын сынап жатқан 18 команданың жобалары бірнеше бағытты қамтиды. Олардың арасында инновациялық стартаптар, баламалы энергия көздерін пайдалану және фермерлерге қолдау көрсетуге арналған практикалық шешімдер бар. Сайыс қорытындысы бойынша суырылып шыққан 3 үздік командаға 5 миллион теңге көлеміндегі жұлде қоры стартаптарын әрі қарай іске асыру үшін беріледі», – деп атап өтті.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.